



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
А. Көлгіновке

2023 жылғы 3 мамырда жарияланды

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Алтай Сейдірұлы!

Сайлауалды үгіт-нәсихат кезінде біршама сайлаушылар легімен соның ішінде, дәрігерлер қауымымен жиі кездестім. Ондағы өзекті мәселенің біріне депутаттық сауалым арналады.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» деп тұрақты айтып келеді.

«Ауру деннің жарасы, қайғы жанның жарасы».

Қатерлі ісікпен ауырған науқастар - физикалық ғана емес, психологиялық азапқа түсетін жандар.

«IV клиникалық топтағы қатерлі ісік» деген диагноз алған адамдардың физикалық және психологиялық жәй-күйін көз алдымызға елестету мүмкін емес.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің статистикасына негізделе отырып, соңғы үш жылғы, яғни 2020-2022 жылдар аралығындағы аурудың IV клиникалық топтағы анықталған қатерлі ісіктері бар науқастардың санына тоқталсақ: 2020 – **4133** адам, 2021 – **4412** адам, 2022 – **4790** адам.

2022 жылы барлық нозологиялардың қосындысы бойынша IV клиникалық топтағы қатерлі ісіктердің ішінен асқынған формалы келесі ауыру түрлері жоғары үлеске ие: ұйқы безі – 33,8%, трахея, бронх, өкпе – 27,5%, мұрын-жұтқыншақ – 22,1%, асқазан – 21,3%, қуық асты безі – 19,9%, көмей – 18,9%, тоқ ішек – 17,3%, бүйрек – 16,8%, бауыр-15,8%. Аталған диагнозы анықталған адамдардың көпшілігі мына елді мекендерде өмір сүреді: Ақмола облысында – 23,4%, Қарағанды облысында – 17,7%, Абай – 17,2%, Түркістан облыстарында – 16,6%, Шымкент – 15,8% және Астана қалаларында – 14,0%. Көтеріліп отырған мәселе бойынша

ауыру түрлері және өңірлік талдаулардың толыққанды статистикасы депутаттық сауалға қосымша тіркелдіⁱ.

«IV клиникалық топтағы қатерлі ісік» деген диагноз алған науқастар еңбекке жарамсыз болатыны айдан анық. Ал, онкологиялық аурулары бар науқастарға мүгедектік, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу негізінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына» сүйене отырып, IV клиникалық топтағы қатерлі ісік анықталған науқастарға диагноз белгіленген сәттен бастап **кемінде төрт айдан кейін** медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберіледі.

Медициналық-әлеуметтік сараптама – мүгедектікті және еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілей отырып, организм функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған куәландырылатын адамның тіршілік-тынысының шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттіліктерін айқындайды. Медициналық-әлеуметтік сараптаманы халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүргізеді.

«IV клиникалық топтағы қатерлі ісік» диагнозының өзі-ақ, белгілі дәрежедегі үкім емес пе? Мұндай диагноз қойылған науқастарды медициналық-әлеуметтік сараптамадан өткізу үшін **төрт ай күтуі** қаншалықты әділ? Олар осы уақыт аралығында еңбекке жарамсыз. Кім олардың шығынын өтейді?

Қандай әлеуметтік мекеме қамқорына алады? Төрт ай бойы сарылып, мүгедектігін анықтайтын жолдама күту қаншалықты негізді? Жолдамаға жете алмай қалған науқастар санын кім есептеді? Оларға көрсетіліп жатқан психологиялық көмек қандай деңгейде? Міне, көкеймізде осындай сансыз сұрақтар...!!!

Құрметті Алтай Сейдірұлы!

Жоғарыда айтылған жағдайды ескере отырып, **бірінші кезекте**, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына өзгеріс енгізу арқылы «IV клиникалық топтағы қатерлі ісік» диагнозы бар науқастарға медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының жолдамасын беру мерзімін алып тастау қажет.

Екіншіден, «IV клиникалық топтағы қатерлі ісік» диагнозы бар науқастар үшін медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу негізінің бар жоқтығын анықтап, дәйекті шешім қабылдау керек.

Үшіншіден, жалпы мүгедектікті растау рәсімін жеңілдету кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан мүгедектікті белгілеу бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетудің бизнес-процесін автоматтандыру арқылы, дәрігерлік-еңбек сараптама комиссиясы, медициналық-әлеуметтік сараптама шешімдерінің ашықтығын қамтамасыз ететін уақыт келді.

Депутаттық сауалға заң талабына сәйкес, нақты жауапты жазбаша түрде белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне жолдауыңызды сұраймыз.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«АМАНАТ» Партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Ү. Шапақ,
Ж. Амантай,
О.П. Казанцев,
Ж.Д. Сүлейменова**

**«Respublica» Партиясы
Фракциясының мүшесі**

Н. Тау

**Қазақстан Халық партиясы
Фракциясының мүшесі**

К.С. Сейтжан

ⁱ Қосымша 1